

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ПОЛОЖЕНИЕ О РЕСУРСНОМ ЦЕНТРЕ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Астана
2016

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2016 жылғы 20 қыркүйек № 9 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 9 от 20 сентября 2016 года)

Инклюзивті білім берудің Ресурстық орталығы туралы ереже. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 28 б.

Положение о Ресурсном центре инклюзивного образования. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2016. – 28 с.

Бұл даярланған жұмыста ресурстық орталықтар, ресурстық кабинеттер мен эксперименттік алаңдардың қызметін талдау нәтижелеріне негіздей отырып әзірленген инклюзивті білім берудің Ресурстық орталығы туралы ереженің жобасы ұсынылған.

Бұл материал облыстық (аудандық) әдістемелік кабинеттерінің басшылары мен әдіскерлеріне, білім беру жүйесі ұйымының басшыларына, мұғалімдерге арналған.

В данной разработке представлены результаты анализа деятельности действующих ресурсных центров, ресурсных кабинетов, экспериментальных площадок по развитию инклюзивного образования и проект разработанного положения о Ресурсном центре инклюзивного образования.

Данный материал адресован руководителям и методистам областных (районных) методических кабинетов, руководителям и учителям организаций системы образования.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2016
© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2016

Мазмұны

Кіріспе	4
1. Инклюзивті білім беру жағдайындағы ресурстық орталықтары қызметін талдау (барлық ресурстық орталықтар, соның ішінде инклюзивті білім беру ресурстық кабинеттер)	6
2. Ресурстық орталық қызметінің бағыттары мен ұйымдастыру ерекшеліктері	17
Қорытынды	21
Глоссарий	22
Қолданылған әдебиеттер тізімі	24
Инклюзивті білім берудің Ресурстық орталығы туралы ереже	26

Кіріспе

Инклюзивті білім беру әлемдік білім кеңістігінде білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етудің тиімді механизмі болып табылады. Адам құқықтары жөніндегі БҰҰ жоғары комиссарының басқармасы атап өткендей, инклюзивті білім беру мемлекет тарапынан адамның құқықтарын шектемей жалпы білім берумен қамтамасыз етудің оңтайлы тәсілі ретінде танылған [1].

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуде, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға инклюзивті ортада қолдау көрсету, мектепке дейінгі және орта білім саласындағы негізгі басымдылықтардың бірі ретінде анықталған [2].

Республиканың мектепке дейінгі және орта білім ұйымдары инклюзивті тәсілдің қажеттілігін терең түсіне отырып, қалаған нәтижеге ұдайы қол жеткізе алмаса да, елеулі қиындықтарды жеңе отырып, инклюзивті білім беруді енгізу және дамыту тәжірибесін жалғастырып келеді. Бүгінгі күні инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының мәртебесін анықтайтын және қызметін реттейтін, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды білім ұйымдарына жіберу тәртібін анықтайтын бірқатар нормативтік құжаттар бар. Сонымен қатар, кедергісіз орта құру және инклюзивті білім беру жағдайында білім беруді ұйымдастырудың нормативтік базасы бар. Дегенмен, дамытудың келесі кезеңінде – инклюзивті білім беруді жан-жақты енгізу және озық үлгіні мектеп тәжірибесіне тарату, жаңа міндеттерді шешуді талап етеді.

Қазіргі кезде инклюзивті білім беретін балабақшаларға, жалпы мектептерге, колледждерге ақпараттық-кеңестік және оқу-әдістемелік қолдау көрсету инклюзивті білім беруді дамытудың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Инклюзивті және арнайы білім беру саласының мамандары, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру процесіне қосудың ерекшеліктерін ескере отырып, атап айтқанда, ұзақтығын, жүйелілігін, сабақтастығын, нәтижені бағалаудың қиындығын және т.б. процесті қолдаудың келесі тәсілдерін бөліп көрсетеді:

– білім ұйымының мұғалімдерінің байланыста жұмыс жасауы үшін, тәжірибелі ұжымдастарының іс-тәжірибесін бөлісуге мүмкіндік беретін, сұрақтарына нақты жауап ала алатын, өзінің жұмыс тәжірибесінде қателіктер мен қиындықтарды болдырмау мақсатында бірыңғай кеңістік құру қажет. Мұғалімдердің, сонымен қатар білім ұйымының әртүрлі сала мамандарының байланыста жұмыс жасауы үшін бірыңғай кеңістік құруда ресурстық орталықтар негізгі рөл атқаруы тиіс. Инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтары инклюзивті білім берудің біртұтас жүйесінің аясында шешілетін міндеттердің шеңберін кеңейтеді (2011 ж.) [3];

– инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда әртүрлі деңгейдегі ресурстық орталықтар жүйесін құру, арнайы (коррекциялық) білім беру ұйымдарының қорын, басқа да мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың мүмкіндіктерін пайдалану (2012 ж.) [4];

– қолда бар ресурстар мен оларды жергілікті жердегі бастамаларға

сәйкес, инклюзивті білім беруге қолдау көрсетуге пайдалану мақсатында жергілікті жердегі мәселенің ауқымын көрсететін жағдаятты талдау (2012 ж.) [5];

– жергілікті моделі, инклюзивті білім беру бойынша облыстық Үйлестіруші кеңес және инклюзивті білім тәжірибесін жалпы білім жүйесіне енгізуге ықпал ететін облыстық ресурстық орталықтар болып табылатын әртүрлі құрылымдардың байланысы (2015 ж.) [6].

Әртүрлі білім құрылымдарының, соның ішінде жалпы білім беру мектептерімен байланысы, инклюзивті білім беруді жан-жақты енгізудің қажетті шарты болып табылады. Жақын арада жүргізілген ресейлік мамандардың зерттеулері бойынша, білім ұйымдарының желілік байланысының әр түрлі моделдері бар. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ресурстық орталығы бар үйлестіруші желілік модельде, ресурстар таратылып қана қоймай, желінің жұмысын үйлестіріп отыру арқылы оның қызметін басқарып отырады [7].

«Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері» жүзеге асыру мен одан күтілетін нәтижелерінде, арнайы білім беру ұйымдарының, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып ресурстық орталықтар құру, инклюзивті білім беруді дамыту шарттарының бірі ретінде атап көрсетілген [8]. Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтарын ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды қамтып отырған жалпы білім беру ұйымдарының жанынан ашу тиімді екені байқалды.

Сондықтан, инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беру ұйымдарының ақпараттық-кеңестік, ғылыми-әдістемелік, оқу-әдістемелік, ресурстық-ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық қолдауға деген қажеттіліктері республиканың өңірлерінде ресурстық орталықтардың құрылуы керектігін көрсетеді.

Инклюзивті білім беру саласындағы озық тәжірибені тарату мақсатында, республика көлеміндегі ресурстық орталықтардың, инклюзивті білім беру кабинеттерінің және эксперименттік алаңдардың жұмыстары зерттеліп, талдау жасалды. Астана және Алматы қалаларының және облыстық білім басқармаларының қолдауымен жүргізілген зерттеу нәтижелерінің негізінде инклюзивті білім берудің ресурстық орталығы туралы ереже әзірленді.

1 Инклюзивті білім беру жағдайындағы ресурстық орталықтары қызметін талдау (барлық ресурстық орталықтар, соның ішінде инклюзивті білім беру ресурстық кабинеттер)

Білім беру ұйымдарына инклюзивті білім беруді енгізу, мемлекеттік білім беру саясатының басты басымдылықтарының бірі, сондықтан инклюзивті білім беруді тәжірибе жүзінде іске асыруға қатысты әр сұрақтың кешенді зерттелуі талап етіледі.

Қазақстанда біраз жылдан бері инклюзивті білім беруді жүзеге асырып келе жатқан мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдары бар. Жыл сайын инклюзивті білім беруге жағдай жасалған мектептердің саны артып келеді [9].

Соңғы жылдары әзірленген құқықтық нормативтер, қоғамда жүргізілген белсенді ағарту жұмыстары, дамыған елдердің тәжірибесін зерделеу мен сынақтан өткізу, инклюзивті білім берудің қазақстандық тәжірибесінің дамуына жан-жақты ықпал етті. Дегенмен, ескеретін жағдай, басқа жаңашылдықтар сияқты, инклюзивті білім беру тәжірибесін кеңінен тарату қарқынды ғылыми-әдістемелік, кадрлық және материалдық-техникалық қолдауды қажет етеді. Инклюзивті білім берудің қазақстандық тәжірибесінде ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-кеңестік және оқыту-ұйымдастыру жұмыстарын жүргізудің кең тараған түрлеріне ресурстық орталықтар, ресурстық кабинеттер және инклюзивті білім берудің эксперименттік алаңдардың жұмысы жатады.

Инклюзивті білім беру ресурстық орталықтары мен ресурстық кабинеттері туралы жалпы мәлімет

Инклюзивті білім беру ресурстық орталықтарының, сонымен бірге ресурстық кабинеттерінің және эксперименттік алаңдарының жұмысын зерделеп және сараптау мақсатында Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА аймақтарға барып, атап айтқанда Қарағанды және Ақмола облыстарына шығу арқылы мониторингтік зерттеу жүргізді. Мониторингтік зерттеуге 14 облыстың және Астана мен Алматы қалаларының білім басқармалары қатысты. Қарағанды қаласының №27 және Көкшетау қаласының №19 жалпы білім беретін орта мектеп базаларындағы инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтарында әңгіме-сұхбат жүргізілді және мектеп әкімшілігінің, пән мұғалімдерінің, арнайы білім беру педагогтарының қатысуымен фокус-топтарда талдау жасалды.

Білім басқармаларының 2016 жылдың 1 қазанында берген мониторингтік зерттеу мәліметтері бойынша республиканың 8 облысында және Астана мен Алматы қалаларында инклюзивті білім беруге жағдай жасап отырған 6 ресурстық орталық, 5 ресурстық кабинет және 10 эксперименттік алаңы қызмет жасайды. Басқа аймақтарда, атап айтқанда, Алматы, Атырау, Жамбыл, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында жұмыс жасайтын ресурстық орталық, ресурстық кабинет және эксперименттік алаңдарының жоқ екені анықталды. Республика бойынша облыстардағы және қалалардағы инклюзивті білім беру ресурстық орталықтарының, ресурстық

кабинеттер мен эксперименттік алаңдарының жалпы мәліметтері 1-3 кестелерде көрсетілген:

1-кесте – Республика бойынша облыстардағы және қалалардағы инклюзивті білім беру ресурстық орталықтары жайлы мәлімет

№	Қалалар мен облыстар	Саны	облыс, қала, аудан.	Құрылған жылы	Орналасқан базасы
1	Алматы	1	қалалық	2016	«№10 орта мектебі» КММ
2	Ақмола	1	обл.	2014	«№19 орта мектебі» КММ
3	Ақтөбе	1	обл.	2005	«№7 арнайы (түзету) мектебі» КММ
4	Батыс Қазақстан	2	обл.	2015	1) «Облыстық ПМПК» КММ 2) Интеллектуалдық дамуы бұзылған балаларға арналған №7 арнайы (түзету) мектеп-интернаты
5	Қарағанды	1	обл.	2013	№27 жалпы білім беретін орта мектебі
	Барлығы	6			

2-кесте – Республика бойынша облыстардағы және қалалардағы инклюзивті білім беру ресурстық кабинеттері жайлы мәлімет

№	Қалалар мен облыстар	Саны	Құрылған жылы	Орналасқан базасы
1	Алматы	4	2016	<ul style="list-style-type: none"> ▪ «Интеллектуалдық дамуы бұзылған балаларға арналған №7 арнайы (түзету) мектеп-интернаты» КММ ▪ «№10 орта мектебі» КММ ▪ № 9 балабақша ▪ № 178 балабақша
2	Шығыс Қазақстан	1	2015	Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы «Шығыс» Өңірлік орталығы» КММ
	Барлығы	5		

3-кесте – Республика бойынша облыстардағы және қалалардағы инклюзивті білім беру эксперименттік алаңдары жайлы мәлімет

№	Қалалар мен облыстар	Саны	Эксперименттің басталуы	Эксперименттің аяқталуы	Орналасқан базасы
1	Астана	2	<ul style="list-style-type: none"> ▪ 2014 ▪ 2015 	<ul style="list-style-type: none"> ▪ 2017 ▪ 2018 	<ul style="list-style-type: none"> ▪ №23 орта мектебі ▪ №71 мектеп-гимназия
2	Алматы	2	2016	ұзақ мерзімді	<ul style="list-style-type: none"> ▪ «№10 Орта мектеп» КММ ▪ №9 балабақша
3	Қарағанды	1	2013	2019	№27 жалпы білім беретін орта мектебі
4	Қостанай	1	2016	2018	«Банновка орта мектебі» КММ Федоровка аудан әкімшілігінің білім бөлімі
5	Қызылорда	1	2014	ұзақ мерзімді	№264 мектеп - лицей
6	Павлодар	3	2016	2021	Аксу қ. <ul style="list-style-type: none"> ▪ №7 орта мектеп ▪ Орта мектеп Парамоновка с. ▪ Ю. Гагарин ат. орта мектеп
	Барлығы	10			

Инклюзивті білім беру ресурстық орталықтарының жұмысына талдау

Инклюзивті білім беру ресурстық орталықтарының жұмысын зерделеу және талдау барысында, ресурстық орталықтарды ашуға білім саласындағы басқармалардың және тиісті органдардың бұйрығы негіз болғаны анықталды. Атап айтқанда, мысалы, Алматы қаласында және Ақмола облысында, Ақтөбе, Қарағанды облыстарында – Білім басқармасының бұйрығы, Батыс Қазақстан облысында – Білім басқармасы өкілдерінің қатысуымен өткен дөңгелек үстелдің хаттамалық шешімінің негізінде берілген білім ұйымы басшысының бұйрығы негіз болған. Инклюзивті білім беру ресурстық орталықтары базасында тиісті жағдай жасалған және инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға қажетті ресурстары кадрлық, материалдық- техникалық, ақпараттық және кітапхана қоры бар, оқу-әдістемелік және басқалары бар білім ұйымдарында

ашылған. 6 ресурстық орталықтың 3 орталығы жалпы мектеп базасында ашылған, 2 –арнайы мектепте, 1– облыстық ПМПК-да.

Сонымен қатар, мониторинг жүргізу барысында инклюзивті білім беруге қолдау жасап отырған ресурстық орталықтардың жұмысының тиімділігі сараланды. Мониторингке қатысушылар (ресурстық орталықтар) «Инклюзивті білім берудің ресурстық орталығы ретінде қай аймақта, қандай мекемелерге, аудандарға, өңірлерге көмек көрсетіп келесіздер?» деген сұраққа төмендегідей жауап берген:

4-кесте – Инклюзивті білім берудің ресурстық орталығы ретінде көмек көрсетуі жайлы мәлімет

№	Базасында ресурстық орталықтары бар білім ұйымдары	Жауаптары
1	Алматы қаласы «№10 орта мектебі» КММ	Алматы қаласының білім ұйымдарына
2	Көкшетау қаласы (Ақмола обл.) «№19 орта мектебі» КММ	<ul style="list-style-type: none"> ▪ Ақмола облысының 19 ауданында тірек мектептері анықталған (серіктес мектептер), балабақшалар және инклюзивті білім беруді дамытушы ТЖКБ ұйымдары; ▪ Солтүстік Қазақстан облысынан 2 серіктес мектеп, Қостанай және Павлодар облыстары.
3	«№7 арнайы (түзету) мектеп» КММ (Ақтөбе обл.)	<ul style="list-style-type: none"> ▪ Атырау, Орал және басқа облыс пен қала көлеміндегі білім ұйымдарына, ▪ К. Жұбанов атындағы АқТӨМУ
4	1) «Облыстық ПМПК»КММ 2) интеллектуалдық бұзылыстары бар балаларға арналған облыстық арнайы түзету мектеп-интернаты (Батыс Қазақстан обл.)	Батыс Қазақстан облысының және Орал қаласының білім беру ұйымдарына
5	Қарағанды қаласы (Қарағанды обл.) №27 жалпы білім беретін орта мектебі	<ul style="list-style-type: none"> ▪ Қарағанды облысының 20 тағылым алаңы Шығыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары (Петропавловск), ▪ Ақмола облысы, Көкшетау қ., № 19 ОМ ▪ Астана қаласы № 65 ОМ

Жалпы орта мектеп базасында ашылған инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтары білім ұйымдарына, соның ішінде аймақтардағы жалпы орта білім ұйымдарына бағытталған мақсатты қолдау көрсетіп отыр. Мысалы, Қарағанды қаласындағы №27 орта мектебінің инклюзивті білім беруді енгізу тәжірибесі республика көлемінде таратылып келеді [9, 168 б.]. Қазіргі таңда Қарағанды қаласындағы №27 орта мектебінің ресурстық орталығы Қарағанды облысындағы 20 тағылым алаңымен, ШҚО, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарымен, сонымен қатар Көкшетау қаласындағы «№19 орта мектеп» КММ, Астана қаласының №65 орта мектебімен байланыста жұмыс жасайды.

Сонымен бірге, жүргізілген сараптау нәтижелері бойынша инклюзивті білім беру ресурстық орталықтарының жұмыс бағыттары анықталды (Кесте 4).


5-кесте – Ресурстық орталықтардың негізгі жұмыс бағыттары

№	Базасында ресурс орталықтары бар білім ұйымдары	Негізгі жұмыс бағыттары
1	Алматы қаласы «№10 орта мектебі» КММ	Кеңес беру және әдістемелік көмек көрсету
2	Көкшетау қаласы (Ақмола обл.) «№19 орта мектебі» КММ	<ul style="list-style-type: none"> ▪ Ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік бейімдеу моделін әзірлеу; ▪ Жағымды білім беру ортасын қалыптастыруға қолдау көрсетуге бағытталған ғылыми-әдістемелік модель әзірлеу ; ▪ құзыреттілік бағытындағы, тұлғаға бағытталған әдістемелер мен технологияларды білім беру процесіне енгізу; ▪ ақпараттық, материалдық-техникалық және интеллектуалдық ресурстарға ұжымдық қолжетімділікті қамтамасыз ету (Ақмола облысы бойынша)
3	«№7 арнайы (түзету) мектебі» КММ (Ақтөбе обл.)	<ul style="list-style-type: none"> ▪ кеңестік-оқытушылық; ▪ әдістемелік.
4	1) «Облыстық ПМПК» КММ 2) интеллектуалды бұзылыстары бар балаларға арналған облыстық арнайы түзету мектеп-интернаты (Батыс Қазақстан обл.)	<ul style="list-style-type: none"> ▪ коррекциялық көмек; ▪ кеңес беру.
5	Қарағанды қаласы №27 жалпы білім беретін орта мектебі	<ul style="list-style-type: none"> ▪ №27 жалпы білім беретін орта мектепте кіріктірілген (инклюзивті) білім беруді дамытуды ғылыми-әдістемелік қолдау; ▪ №27 жалпы білім беретін орта мектепте кіріктірілген (инклюзивті) білім беруді ұйымдастыруға жағдай жасау шарттарын әзірлеу; ▪ Психологиялық-педагогикалық тиімді технологияларды әзірлеу және сынақтан өткізу, кіріктірілген (инклюзивті) білім беруде қолдау көрсету; ▪ №27 жалпы білім беретін орта мектепте оқитын және тәрбиеленіп жатқан білім беруде ерекше қажеттілігі бар балалардың ата-аналарын психологиялық – педагогикалық қолдау бағдарламасын әзірлеу және енгізу; ▪ кіріктірілген (инклюзивті) білім беру саласындағы озық тәжірибе мен тиімді технологияларды іске асыру; ▪ даму мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға оң көзқарас қалыптастыруға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу және енгізу, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарын тарту арқылы.


Сонымен бірге, мониторингке қатысқан мектеп-ресурс орталықтары, тәжірибеде ресурстық орталықтардың жұмысының келесі бағыттары сәтті жүзеге асырылып келе жатқанын айтқан:

- талдау, қорытындылау, инклюзивті практиканы енгізу барысында практикалық және әдістемелік іс-тәжірибені тарату;
- инклюзивті білім беру тәжірибесін тарату;
- инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын облыс мектептерімен арадағы желілік байланысты қолдау;
- оқыту семинарлары;
- мектеп ортасын бейімдеу тұрғысындағы бірлескен ұсынымдар әзірлеу;
- оқыту және білім берудегі жаңа тәсілдерді қолдана отырып, инклюзивті білім беру жағдайындағы оқу процесін ұйымдастыруға қолданылатын материалдарды жүйелеу;
- қоғамдағы толеранттылық бағдарламасын жүзеге асыру;

Инклюзивті білім беру ресурстық орталықтарын ашудағы негізгі мәселелерді зерттеу және талдау келесі жағдайды көрсетті (сурет 1,2):



1- сурет – Инклюзивті білім беру ресурстық орталықтарын ашу мақсаты



2-сурет – Инклюзивті білім беру ресурстық орталықтарын ашу базалары

Мониторингке қатысушы респонденттердің көбісі, инклюзивті білім беру іс-тәжірибесін аймаққа (қалаға) тарату мақсатында ресурстық орталықтардың жалпы мектеп базасында ашылғаны дұрыс деп санайды.

Инклюзивті білім беруді енгізу жағдайында сұранысқа ие болған, жұмыс жасап жатқан инклюзивті білім беру ресурстық орталықтарының қызметін зерттеу және сараптау қорытындысы көрсеткендей, іс-тәжірибені таратуда орталықтардың маңызы ерекше. Инклюзивті білім беру жағдайында қолайлы орта қалыптастыру мәселелері бойынша 2016 жылы Көкшетау қаласындағы №19 жалпы орта мектеп базасында Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облысы өкілдерінің қатысуымен жалпы мектеп мұғалімдеріне арналған 3 оқу семинары және 2 аймақаралық семинар өткізілді. «Қазақстандағы инклюзивті білім беру: мәселелері мен келешегі» республикалық семинары аясында Қарағанды қаласындағы №27 орта мектеп базасындағы ресурстық орталық жұмысымен танысқан қатысушылар, жалпы білім беру ұйымындағы инклюзивті білім беру процесін іске асырудың тәжірибесімен алмасты. Мектептің педагогикалық ұжымы жалпы білім беру жағдайында ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды оқу-тәрбие процесіне қосу нәтижесін көрсетті: мини-центр, арнайы мектепалды даярлық тобы, арнайы сыныптар, инклюзивті сыныптар, инклюзивті лицей сыныптары, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар, қосымша білім беру.

Ескеретін жағдай, арнайы білім ұйымдарының базасында орналасқан ресурстық орталықтардың берген мәліметтері бойынша, ресурстық орталықтардың қызметіне түзете-дамыту көмегін көрсету кіреді. Ақтөбе

қаласындағы №7 арнайы (түзету) мектептегі ресурстық орталықтың өткізген семинарлары мен практикумдары арнайы білім беру мәселелерінің тақырыптарын қамтыған:

- «Мүмкіндігі шектеулі балалардың тілін түзету және дамытудың заманауи жұмыс тәсілдері» (*облыстық мәселелі семинар, наурыз 2016*);
- «Интеллект бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін түзету жұмыстарының ерекшеліктері» (*облыстық семинар-практикум, сәуір 2016*);
- «Мүгедек балаларды үйден оқыту білім берудің өзекті мәселесі» (*облыстық оқу семинары, сәуір 2016*).

Инклюзивті білім берудің іс-тәжірибесін жинақтау және таратудағы ресурстық орталықтардың жетекші рөлі туралы болжамға қатысты қарастырсақ, республиканың түрлі аймақтарында әр жылдарда ашылған орталықтардың жұмысын саралау қорытындысы оның тиімді механизм екенін дәлелдейді.

Инклюзивті білім беру ресурстық кабинеті

Білім басқармаларының ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне берген мәліметтері бойынша «№10 орта мектебі» КММ және Интеллектуалдық дамуы бұзылған балаларға арналған №7 арнайы (түзету) мектеп-интернаты», №9 және №178 Алматы қаласының балабақшаларында инклюзивті білім беру ресурстық кабинеттері өз жұмыстарын бастады. 2015 жылдың 7 қыркүйегінен бастап Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасының жанында ашылған «"Шығыс" Өңірлік орталығы» КММ инклюзивті білім беру ресурстық кабинеті жұмысын бастады.


Алматы қаласының «№10 орта мектебі» КММ және «Интеллектуалдық дамуы бұзылған балаларға арналған №7 арнайы (түзету) мектеп-интернаты» КММ жанынан ашылған ресурстық кабинеттер инклюзивті сыныптардағы 13 ерекше қажеттілігі бар балаларға қолдау көрсетіп отыр.

«Интеллектуалдық дамуы бұзылған балаларға арналған №7 арнайы (түзету) мектеп-интернаты» КММ, сонымен қатар Алматы қаласының № 9 и № 178 балабақшаларында ашылған инклюзивті білім беру ресурстық кабинеттері өз жұмысының негізгі бағыты ретінде білім кеңістігіне аутист балаларды қосуды алған. Мектепке дейінгі ұйымдардағы ресурстық кабинеттердің респонденттерінің пікірі бойынша келесі жұмыстар өз нәтижесін беруде:

- персоналдарды дайындау;
- ресурстық кабинеттегі ортаны қалыптастыру;
- тәртібі мен дағдыларын тестілеуден өткізу;
- мақсат қою және бейімделген жеке дамыту бағдарламасын жазу;
- сабақтарды ұйымдастыру, оқыту және қолдау көрсету;
- дамудың тиімділігін бағалау және саралау.

Инклюзивті білім беру ресурстық кабинеттерінің жұмыс ортасы мен мақсатына қатысты респонденттердің келесі сұраққа жауаптары зерделенді «Инклюзивті білім беру ресурстық кабинеттері қандай мақсатта құрылады?»

және «Инклюзивті білім беру ресурстық кабинетінің қандай ұйым жанынан ашылғанын құптайсыз?». Респонденттердің 44%-ы инклюзивті білім беру ресурстық кабинеті мектептегі инклюзивті білім беруді ұйымдастырушылық-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету үшін ашылады деп санайды, 25%-ы тәжірибені тарату мақсатында, 31%-ы басқа білім ұйымдарына ресурстық қолдау көрсету үшін деп есептейді. «Инклюзивті білім беру ресурстық кабинетінің қандай ұйым жанынан ашылғанын құптайсыз?» деген сұрақтың жауаптары 3 суретте көрсетілген:



3-сурет – «Инклюзивті білім беру ресурстық кабинетінің қандай ұйым жанынан ашылғанын құптайсыз?» сұрағының жауаптары

Инклюзивті білім беру ресурстық кабинеттерінің жұмысын зерттеу мен саралау көрсеткендей, көп жағдайда кабинеттің қызметі білім ұйымының ішіндегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға бағытталған. Бұдан шығатын қорытынды, инклюзивті білім беру ресурстық кабинетінде мектептің (балабақшаның) барлық мамандарының жұмысына қажетті арнайы құрал-жабдықтардың және оқу-әдістемелік материалдардың болуы көзделеді.

Инклюзивті білім берудің эксперименттік алаңдары

Ресурстық орталықтар мен кабинеттердің жұмысын зерттеу мен саралау инклюзивті білім беру ресурстық орталықтарының, кабинеттердің және эксперименттік алаңдардың арасында тығыз байланыстың бар екенін көрсетті. Ресурстық орталықтар көбіне эксперименттік алаңдардың базасында құрылған, сынақ жұмыстарының барысында кабинеттер ашылған. Бұл бағытта, инклюзивті білім беруді енгізудегі Алматы қаласының білім басқармасының мақсатты және келісімді жұмысын атап өту керек. Экспериментке жалпы білім беру ұйымдары, арнайы мектептер, балабақшалар қатысқан.

Республика бойынша эксперименттік алаңдардың ашылуында оң динамика байқалады. Бірінші (ресми) инклюзивті білім беру эксперименттік алаңы Қарағанды қаласының №27 жалпы орта мектеп базасында 2013 жылы өз жұмысын бастаған. Эксперименттік алаңдардың саны 2014 жылы - 3, 2015 жылы - 4, ал 2016 жылдан бастап, облыстар мен Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларының мәліметтері бойынша, эксперименттік жұмыстар 9 жалпы білім беру мектептерінде және 1 мектепке дейінгі білім ұйымында жүргізіліп келеді. Оның ішінде екеуі Астана қаласында (№23 ОМ, №71 ОМ), екеуі Алматы қаласында (№10 ОМ КММ, №9 балабақша), біреуі Қарағанды облысында (№27 ОМ), біреуі Қостанай облысында («Банновка орта мектебі» КММ), біреуі Қызылорда облысында (№264 МЛ) және үшеуі Павлодар облысында (№7 ОМ Ақсу қаласы, Парамоновка ауылдық ОМ, Ю. Гагарин атындағы ОМ).

Деректерді саралау барысында анықталғаны, ресурстық орталықтардың, инклюзивті білім беру кабинеттерінің және эксперименттік алаңдардың ашылып, жұмыс істеуіне қоғамдық қорлар мен ұйымдар үлкен үлес қосқан. Базасында инклюзивті білім беру кабинеті жұмыс жасайтын Алматы қаласындағы үш білім ұйымы «Ашық әлем» қоғамдық қорымен, бір мектеп «Дара» қорымен, Астана қаласындағы №71 орта мектеп жанындағы эксперименттік алаңы «Болашақ» корпоративтік қорымен серіктестік қарым-қатынас орнатқан.

Сонымен бірге, мониторинг барысында, Қазақстанда инклюзивті білім беруді енгізу механизмдерін дамыту бағытында жарияланған басылымдарға қысқаша контент сараптама жасалды. Инклюзивті білім беруді енгізу жұмыстарының аралық (ағымдағы) және соңғы нәтижелерін сынақтан өткізу мәселелерін зерделеу көрсеткендей, базасында ресурстық орталықтар, кабинеттер және эксперименттік алаңдары бар білім ұйымдары өз жұмыстарын жазба және электронды басылымдарға, бұқаралық ақпарат құралдарына белсенді жариялап келеді. «Инклюзивті білім беру» айдарымен «Ашық мектеп» интернет – ресурсында орналастырылған басылымдардың мазмұнын талдау, ресурстық орталықтар, кабинеттер және эксперименттік алаңдары бар білім ұйымдарының инклюзивті білім беруді дамыту процесін жарыққа шығаруында келесі динамиканы көрсетті [8]:

– 2013 жылы 10 мақала жарық көрген, оның 7-еуі Қарағанды қаласы №27 ОМ (авторлары: К.Т. Даунбаева, О.Ф. Чумакова - 2 мақала, З.Р. Самигулина, Б. М. Зарубаева, Ж.Д. Махамбетова, С. А. Абдиқаримова) және 2 мақала Ақтөбе қаласы №7 арнайы (түзету) мектебінің ресурстық орталығынан, (автор: Т.В. Фомина - 2 мақала), 1 мақала Орал қаласының облыстық ПМПК ресурстық орталығынан (автор: Р. Е. Маселова);

– 2014 жылы Қостанай облысының Федоровка ауданының Банновка орта мектебінің тәжірибесі туралы 1 мақала (автор: А.К. Юлдашев);

– 2015 жылы 3 мақала, 2-еуі Қарағанды қаласындағы №27 ОМ тәжірибесі жайында (авторлары: О.Ф. Чумакова, З.Р. Самигулина) және 1-еуі Ақмола облысының ресурстық орталығының жергілікті моделі туралы (автор: М.У. Ибраев);

– 2016 жылдың 1 қазанына дейін жанынан ресурстық орталық ашылған Қызылорда қаласының №264 МЛ 1 мақала жариялаған (*автор: С. Е. Көмекбаева*).

Осындай, ресурстық орталықтардың, кабинеттердің және эксперименттік алаңдардың жұмысын кешенді талдау, жоғарыда аталған ұйымдастыру модельдерінің иерархиялық жүйеленген және келісілген мазмұнды жұмыстарының бар екенін және инклюзивті білім беруді дамытуға ықпал етіп отырғанын көрсетті.

2 Ресурстық орталық қызметінің бағыттары мен ұйымдастыру ерекшеліктері

Бірқатар зерттеулерде ресурстық орталықтар туралы пайымдау, эксперименттік алаңдар мен инновациялық желілер деңгейінен кейінгі білім ұйымдарының инновациялық-зерттеу жұмыстарының жаңа бір кезеңі ретінде қарастырылады.

Ресурстық орталықтарды білім ұйымдарының базасында құруға негіз болатын жағдайлар:

біріншіден, бұл орталықтарда бар немесе шоғырландырылуы тиіс ресурстардың мазмұны мен сапасы;

екіншіден, үйлестіруші орган ретінде белгілі бір басқарушылық функцияларды орындауға мүмкіндік беретін жағдайлардың жасалуы.

Сондықтан ресурстық орталық ретінде таңдалатын білім ұйымына қойылатын бірінші талап, тәжірибелік сынақ және жаңашылдық бағыттағы жұмыстарының болуы. Бұл талап, осы жұмыстардың ауқымында білім ұйымында келесі бірқатар инновациялық жобадағы ресурстардың болуын көздейді:

- жетілдірілген оқу-материалдық базасының болуы;
- оқу процесін жоғары деңгейде әдістемелік қамтамасыз ету;
- біліктілігі жоғары педагогикалық және басшы кадрлардың болуы;
- оқу процесін тиімді ұйымдастыру;
- басқа білім ұйымдарымен, орта және жоғарғы кәсіби білім ұйымдарымен, ғылыми ұйымдармен жүйелі әлеуметтік серіктестік байланысының болуы.

Бұл параметрлер әр деңгейдегі басшылардың ресурстық орталықтарды таңдауына негіз болады.

Қазіргі кезде өтпелі кезеңнің қиындықтарына қарамастан, әрбір оқу жылының басында инклюзивті білім беруге жағдай жасаған мектептер саны көбеюде. Жергілікті жерде білім ұйымдарын кадрлық, материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері шешілуде, оқу-әдістемелік құралдар әзірленіп, шығарылуда, дегенмен инклюзивті білім беру әдістемесін қолданудың бірыңғай механизмін жолға қоюға біршама уақыт қажет. Бұл жағдайлар инклюзивті білім беруді дамытып келе жатқан білім ұйымдарына ғылыми-әдістемелік, кеңестік-ақпараттық қолдау көрсету үшін ресурстық орталықтардың жұмысын жандандыру қажеттілігіне алып келеді. Жалпы білім беру ұйымдарының базасында ашылған ресурстық орталықтардың жұмысының нәтижесі, мұндай тәсілдің тиімділігін көрсетеді, себебі мектептің жағдайы белсенді тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Бұдан шығатын қорытынды, ресурстық орталықтар өзінің қызмет аясын кеңейтуі керек, өйткені озық тәжірибе үлгілерін жинақтап, таратуға және инклюзивті білім беруді дамытудың тиімді жолдарын анықтауға, білім ұйымдарының неғұрлым көбірек санының тәжірибесі зерделенуі қажет. Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА

жүргізген зерттеулерінің нәтижесі бойынша, республикада бар ресурстық орталықтардың жұмысы келесі бағыттарды қамтиды:

- инклюзивті білім беруді дамыту бағытындағы педагогикалық жобаларды жүзеге асыруға қатысу;

- тәжірибелік сынақ және жобалау жұмыстарына педагогтарды тарту;

- облыстың білім беру ұйымдарымен, басқа мекемелер және ұйымдармен, сонымен бірге инклюзивті білім берудің дамуына мүдделі жеке тұлғалармен байланыс орнату;

- жеке білім беру бағдарын айқындау, әдістемелік ұсынымдар әзірлеу, педагогика және психология, арнайы білім беру саласындағы зерттеулер;

- инклюзивті оқытуды жүзеге асырып келе жатқан білім беру ұйымдарына кеңестік-әдістемелік көмек көрсету.

Ресурстық орталықтың қызметі, ерекше білім беруге қажеттілігі бар баланы жалпы білім беру ортасына қосуға қажетті кешенді көмек түрін қамтуы тиіс. Сондықтан инклюзивті білім беру орталықтарының мүмкіндігін кеңейту үшін нақты жұмыс бағыттарын анықтап алу қажет. Білім ұйымдарымен тиімді жұмыс жүргізу үшін ресурстық орталықтардың жұмысын оңтайландыру мақсатында оқытушылық-ұйымдастырушылық, ақпараттық-кеңестік, ғылыми-әдістемелік, ынталандыру бағыттарын басты жұмыс бағыттары ретінде алып қарауға болады.

1. Оқытушылық-ұйымдастырушылық:

- ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқытуда педагогтарға әдістемелік көмек түрлерін ұсыну;

- инклюзивті білім беруді дамыту бағытында білім ұйымдарының мамандары мен мұғалімдерінің, тәрбиешілердің тәжірибе алмасуын ұйымдастыру;

- мемлекеттік басқару органдарымен және қоғамдық ұйымдармен, жеке және заңды тұлғалармен серіктестік қарым-қатынас орнату;

- инклюзивті білім беруге қолдау көрсетіп отырған басқа ресурстық орталықтармен байланыс орнату.

2. Ақпараттық-кеңестік:

- инклюзивті оқытатын сыныптарда сабақ беретін педагогтарға ақпараттық-кеңестік көмек көрсету;

- өзінен басқа орталықтармен қоса, инклюзивті білім беру мәселесімен айналысатын білім беру саласындағы тәжірибелік сынақ нәтижелерінің ақпараттық қорын жасау;

- ресурстық орталықтың желі ішілік үздіксіз ақпарат алмасуын ұйымдастыру.

3. Ғылыми-әдістемелік:

- ғылыми-әдістемелік ұсынымдар әзірлеу (зерттеу технологияларын қолдану, зерттеу және жаңғырту процесін ұйымдастыру, ресурстық орталықтың жұмысын ұйымдастыру және басқа);

– инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын білім ұйымдарының озық тәжірибесін тарату мақсатында зерделеу жұмыстарын жүргізу.

4. Инталандыру:

– инклюзивті білім беруге тиісті жағдай жасаған мектептердің оң имиджін қалыптастыруға ықпал ету;

– ресурстық орталықтың және ресурстық орталық жүйесіне кіретін жекелеген білім беру ұйымдарының жұмыстарының тиімділігін бағалау жүйесін әзірлеу;

– ресурстық орталықтың жұмысын бағалау жүйесін әзірлеу.

Инклюзивті білім беруді сәтті жүзеге асырудың маңызды шарттарының бірі, жалпыға бірдей мемлекеттік білім беру стандартын игеруді оңтайландыруға қарай оқыту және тәрбиелеу бағдарламаларын бейімдеу және білім беру ұйымына тиімдірек болып табылатын педагогикалық-психологиялық технологияларды енгізу.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда білім ұйымдары мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары мен басшылығы көмекті қажет етеді. Осы тұрғыдан алып қарағанда инклюзивті білім беруді енгізу және дамыту бағытындағы жұмыстарды үйлестіру мақсатында ресурстық орталықтарды жергілікті жерде ашқан дұрыс. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру ортасына қосуды үйлестіріп отырған ресурстық орталықтардың қызметі, инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру тәжірибесін таратудағы кең ауқымды жұмыстарды қамти алады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, аймақтардағы инклюзивті білім беруге қолдау көрсетіп отырған ресурстық орталықтарға ауқымды жұмыс жүктеледі. Сонымен қатар, коррекциялық түзете-дамыту көмегін ұсына отырып, ресурстық орталықтардың кейбір функцияларын атқарып отырған инклюзивті білім беру кабинеттері де бар. Бірақ инклюзивті білім беруге қолдау көрсету жұмыстарын айқын, әрі келісімді ұйымдастыру үшін олардың құрылымы мен атқаратын қызметін нақтылап алу ұсынылады.

Ресурстық орталықтар білім ұйымдарына негізінен қажетті әдістемелік көмек ұсынады. Бұл жағдайда, «ресурс» сөзінің мағынасына инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға және дамытуға қажетті ғылыми-әдістемелік және ақпараттық дерек қоры кіреді. Инклюзивті білім беруді енгізу моделін ескере отырып, қажетті көмек түрін, көлемін, нақты тәсілін дұрыс анықтау аса маңызды. Осы жағдай, ресурстық орталықтардың білім ұйымдарымен үздіксіз байланыста болуын талап етеді. Бұл мақсаттағы ресурстық орталықтардың негізгі жұмыс бағыттарының бірі, орталыққа бекітілген әрбір білім ұйымының мәселелері мен сұраныстарын, нәтижелері мен жетістіктерін саралап, жүйелі түрде зерттеп отыру. Атап өтетін мәселе, ресурстық орталықтардың аймақтағы инклюзивті білім беруге жағдай жасаған мектептермен келісе отырып әрекет етуі, олардың жұмысын жүйеге келтіреді. Осылайша, жұмыс бағыттары мен нәтижелерін зерделей отырып, инклюзивті білім беру ресурстық орталықтарына аймақтардағы инклюзивті білім беруді енгізудің озық үлгісін

шоғырландырып, таратып, өрістетуші қызметін атқару ұсынылады, инклюзивті білім беру процесінде өзіне ұйымдастырушы және үйлестіруші міндетін алу тапсырылады.

Ресурстық орталықтарға қойылатын бірыңғай талаптарды анықтау мақсатында, олардың негізгі жұмыс бағыттарын қамтитын, ресурстық орталық туралы ереже жасалды. Ресурстық орталықтардың жұмыс бағыттарын нақтылау, инклюзивті білім беру процесін енгізуге қарқын беріп, инклюзивті оқытуды жүзеге асыратын білім ұйымдарындағы ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен оқу-тәрбие жұмыстарын реттеуге ықпал етеді.

Осы жұмыстардың нәтижесінде, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың жалпы білім беру процесіне сәтті кіріктірілуін қамтамасыз ету үшін, білім ұйымының жұмысын үйлестіруде жүйелілік талап етіледі, себебі, тек қана барлық ілеспелі жұмыстардың үйлесімділігі ғана инклюзивті оқытуды өзіне біріктіре отырып, білім жүйесінің біртіндеп бір арнаға тоғысуына алып келеді.

Қорытынды

